

Ойыл

БОЛАШАҒЫ БАЯНДЫ ЕЛ — ТІРЕГІ БЕРІК АУЫЛДАН БАСТАЛАДЫ

«АУЫЛ – АЛТЫН БЕСІК» ДЕЙДІ ДАНА ХАЛҚЫМЫЗ. ШЫНЫНДА ДА, ТУҒАН ЖЕР – АДАМНЫҢ ЖҮРЕГІНЕ ЖЫЛУ, БОЙЫНА ҚУАТ БЕРЕТІН ҚАСИЕТТІ МЕКЕН. АЛ СОЛ МЕКЕННІҢ ӨСІП-ӨРКЕНДЕУІ – ӨРБІР АЗАМАТТЫҢ АЗАМАТТЫҒЫНА СЫН. БҮГІН БІЗ ОЙЫЛДЫҢ БОЛАШАҒЫ ТУРАЛЫ ОЙ ҚОЗҒАМАҚПЫЗ...



Соңғы жылдары ел көлемінде түрлі өзгерістер болып жатса да, аудан өмірінің тынысы көбіне күрделі күй кешіп келеді. Өсіресе, екі жыл қатарынан көктемде орын алған су тасқыны – елдің бірлігін ғана емес, ел басқарған азаматтардың іскерлігін де сынаған шақ болды. Төрт құбыламыз түгел болмаса да, халық үмітін үзген жоқ. Өйткені, бұл – Ойыл. Бұл – талай тар заманды еңсеріп, ата дәстүрден айнымай келе жатқан ел.

Ауданның дамуы үшін бірінші кезекте білім мен тәрбие мәселесі назардан тыс қалмауы тиіс. Бүгінде Ойыл жастарының алға ұмтылысы, білімге деген құштарлығы – елдің ертеңіне деген үмітімізді үкілейді. Бірақ, бұл ұмтылы-

сты қолдап, бағыт-бағдар беретін нақты шаралар керек. Ауылға келген жас маманға үй берілуі, жұмыс табылуы – олардың тұрақтауына себеп болары анық. «Байлық – бір жұттық, білім – мың жұттық» деген халық сөзі осы орайда айтылған.

Сонымен қатар, жол мен инфрақұрылым мәселесі де күн тәртібінен түспеуі тиіс. Қарапайым ауыл тұрғыны үшін жол мен жарық – өмір сапасының басты өлшемі. Қанша жерден ауылда тіршілік бар десек те, жолы жоқ елдің болашағы бұлдыр. Елмен елді жалғайтын жолдар жөнделіп, көпірлер қайта жаңғыртылса, тіршілік те жанданады. Жарығы жоқ ауылдың жастары заманауи білім ала алмайды, интернет-

сіз елдің әлеммен байланысы әлсіз. Бұл – бүгінде ақиқат. Ауылдың ендігі тірегі – еңбек пен кәсіп. Мал шаруашылығы мен егіншілік – Ойыл халқының ата кәсібі. Бірақ бүгінгі нарық заманы – бірігу мен біріктіріп іс істеуді талап етеді. Шағын шаруалар кооперативтерге бірігіп, өнім өндіру мен сатуды жолға қойса – табыс та артады, ауылдың әлеуеті де өседі. «Еңбектің наны тәтті» дейді қазақ. Бүгінгі ауыл жастары тек мал бағумен шектелмей, кәсіп ашып, жаңа технологияны меңгерсе – Ойыл өркендейді.

Су – тіршілік көзі ғана емес, қауіптің де бастауы екенін биылғы көктем анық көрсетті. Болашақта мұндай апаттың алдын алу үшін нақты инже-

нерлік жобалар жүзеге асуы қажет. Су басу қаупі жоғары аймақтарға бөгет салынып, арық-атыздар тазаланып, қауіпсіздік шаралары күшейтілуі тиіс. Қауіпке қарсы күрес тек төтенше жағдай бола қалғанда емес, алдын ала дайындықтан басталады. Ауыл – бір күндік емес, мәңгілік тірлік. Ойылдың дамуы – әр тұрғынның жүрегіндегі елге деген сүйіспеншілігі мен жауапкершілігіне байланысты. Әркім өз орнында адал еңбек етсе, елге жанашыр бола білсе – туған жер көркейеді. Бұл жолда билік пен халықтың арасында ашықтық пен сенім болуы қажет. Өйткені, «Ел болам десең – бесігінді түзе!» дейді халық. Ал ол бесік – біздің Ойыл.

АУДАНДАҒЫ ҚЫЛМЫС ДЕНГЕЙІНІҢ АХУАЛЫ



Аудан көлемінде 2025 жылдың 3 айында қылмыс деңгейі былтырғы кезеңмен салыстырғанда 14-тен 10-ға немесе 28,6% төмендеген, соның ішінде аса ауыр қылмыстар мүлдем тіркелмеген, ауыр қылмыс 5-тен 2-ге немесе 60%, ауырлығы орташа 5-тен 1-ге немесе 400 % азайған.

Қамтылған уақытта жасөспірімдердің қатысуымен қылмыстық құқық бұзушылықтар орын алмаған. Аудан көлемінде қылмыстың төмендеуінің бірден бір себебі, ол құзырлы органдар тарапынан ұдайы жүргізіліп отырған профилактикалық іс-шаралар мен білім ошақтарында жүйелі түрде ұйымдастырылып өткізілген шаралардың үлесі.

Мәселен, прокуратураның үйлестірумен жергілікті атқарушы орган бос жұмыстар жәрмеңкесін өткізіп, 8 азамат-

ты тұрақты жұмысқа орналастыруға жолдама берді, қадағалау актісі бойынша аудан орталығына қосымша 30 бейнекамера қондыру үшін қаржы бөлінді.

Бейнекамералар құқық бұзушылықты алдын алу-да зор ықпалын тигізіп, жұршылықты тәртіптендіреді.

Әр азаматтың міндеті - заң талаптарын бұзбау, екінші жағынан өзіне жүктелген міндетін орындау. Заңның ең басты мақсаттарының бірі - қоғамдағы алуан мінезді адамдарды салауатты өмір салтына тәрбиелеу болып табылады.

Сондықтан аудан тұрғындарын заң талаптарын бұзбауға және қатаң сақтауға шақырамыз.

Заңды білмеу-құқықтық мәдениеттің елеулі кемшілігі және оны бұзу жауапкершіліктен босатпайтынын түсіндіреміз.

Ойыл ауданының прокуратурасы

ШАҒЫН ОТБАСЫ - ҮЛКЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ БӨЛШЕГІ
ОЙЫЛ Өңірінде тағы бір ізгі шараның ізі қалды. **ЖАНҒА – ҚОҒАМНЫҢ АЛТЫН ТІРЕГІ, АЛ БЕРЕКЕЛІ ОТБАСЫ – ЕЛДІҢ БЕРЕКЕСІ. ОЙЫЛ АУДАНЫҚ ЖАСТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ ҰЙЫМДАСТЫРҒАН «БІЗ – БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ!» АТТЫ КӨҢІЛДІ МӨРЕ САЙЫСЫ ОСЫ БІР АҚИҚАТТЫ ТАҒЫ БІР МӨРТЕ ДӨЛЕЛДЕГЕНДЕЙ БОЛДЫ.**



«Бақ қайда барасың – бірлікке барам» демекші, бұл сайыстың басты мақсаты – жас отбасылардың арасындағы ынтымақ пен түсіністікті арттыру, салауатты өмір салтын дәріптеу және жастардың бойына отбасылық құндылықтарды сіңіру еді. Жылдық жоспар аясында ұйымдастырылған бұл ігі бастама отбасылық тәрбиенің, спорттың және сергек өмір салтының тамаша үндесуін көрсетті.

Сайыс бес кезеңнен тұрды. Әр кезеңде жарысқа түскен 5 жас отбасы ширақ қимылдап, ұйымшылдықтың үлгісін көрсетті. Эстафеталық ойындарда әрбір жұп тек дене шымырлығын емес, бір-біріне деген сенім мен қолдаудың қандай маңызды екенін айқын байқатты. Қатысушылардың көтеріңкі көңіл-күйі, ойын барысындағы шынайы қолдау мен шапалақтар – жарыстың ерекше рухта өткенін айғақтады.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дейді халқымыз. Сол секілді, жарыс нәтижесінде өз өнерлерімен

көпшіліктің көңілінен шыққан Ешімовтер отбасы жүлделі І орынды иеленіп, өзгелерге үлгі бола білді. II орын Асанғалиевтер отбасына, III орын Жасұлановтар отбасына бұйырды.

Сонымен қатар, Жалғасовтар мен Сәрсенғалиевтер отбасы да арнайы алғыс хаттармен және естелік сыйлықтармен марапатталды.

Шара соңында сөз алған әділқазылар қатысушыларға алғыс білдіріп, «Отан басынан басталады» деген ұлағатты сөзді еске салып, әр отбасының жарасымдылығы – елдің көркеюінің негізі екенін атап өтті.

Осылайша, шырайлы шара отбасылар арасындағы ынтымақ пен бірлікті нығайтып қана қоймай, көпке үлгі боларлық өнегелі іс ретінде есте қалды. Жарыс жеңімпаздары бағалы сыйлықтарға ие болып, көтеріңкі көңіл-күймен тарқасты. «Береке қайда барса, ырыс сонда» – Ойыл жастарының бастамасынан осыны айқын байқадық.

ӨНЕР - ӨМІРДІҢ ӨЗЕГІ

Өмір – үлкен сахна. Бұл сахнада әр адамның өз рөлі, өз жолы бар. Бірі – өнермен өрнектейді, бірі – өнегесімен өрлейді.

Ал солардың тоғысында, халық жүрегінен орын тапқан дара тұлғалар болады. Сондай асыл жанның бірі – Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, Ойылдың төл перзенті, мәдениет майталманы Амангелді Рамазанұлы Жұманов.

Кешегі күннің куәсіндей болған 80 жылдық мерейтой – тек бір адамның ғұмыр жолын емес, тұтас бір дәуірдің, тұтас бір өнердің тағдырын танытқан тағылымды шара болды. "Өнермен өрілген өмір" атты бұл кеш – мәдениет пен руханиятқа қызмет еткен азаматқа елдің шынайы құрметі мен ықыласының айғағы.

«Өнер – қонса, бақ; қонбаса, жат» дейді дана қазақ. Амангелді ағамыздың бойына қонған өнер – елінің ырысы мен жұртының тынысы болды. Өзі айтқандай, "Алла маған дауыс берді, мен соған алғыс айтам" – деп, өнерді Жаратушының берген аманаты деп бағалаған жан. Сегіз жасын-



да ауыл сахнасында тұңғыш рет ән шырқап, тоғызында той-жиынның сәніне айналған бала Амангелдінің дауысы – бүгінгі күні ұлт руханиятының үніндей естіледі.

Сахна шымылдығы ұлттық нақыштағы биімен ашылып, жүрекжарды сөздермен жалғасқан кештің әр сәті – рухани шежіреге айналды. Өпкесі Жамаш апай мен қызы Зияш алайдың естеліктері,

немерелерінің әні – бәрі де өмірдің өнегесін, өнердің өрісін паш етті.

"Жақсының артында сөз қалады" дегендей, Амангелді ағаның жанында жүрген Мұқанбетқали Сатыбаев пен Нұрлыбек Қалауов сынды руханият майталмандарының лебізі – сахнадағы сырлы жылдардың жаңғырығындай болды. Ал шәкірті Светлана Сұлтанғалиеваның бейнеқұт-

тықтауы ұстазға деген алғыстың үні секілді.

Салтанатты кеште Ойыл жұрты Амангелді ағасына деген құрметін биіктетіп, ақжарма тілектерін аямай жеткізді. Облыс әкімі Асхат Шахаровтың құттықтауы мен арнайы медалі, аудан басшысы Асқар Қайырғалиұлы бастаған ел азаматтарының шапан жауып, жылқы мінізуі – бұл кештің тағылымын тереңдете түсті. Домбыра тартылып, күй шертіліп, ән шырқалған кештің соңғы нүктесін "Шапағат" Ешпановтар отбасылық ансамблі қойғандай болды. "Жолыққан қандай жақсы" деген ән – кештің айтар ойын, халықтың сезімін түйіндеп бергендей әсер қалдырды.

Амангелді Рамазанұлы – Ойыл топырағының ғана емес, тұтас қазақ өнерінің абызындай. Ол – әнмен елді тербеткен, өнермен өрге тартқан азамат. "Өнер – ұлттың жаны" десек, сол жанды сақтап келе жатқан жандардың бірі осы Амангелді аға. Халықтың махаббаты – ең үлкен марапат. Сол махаббаты иеленген жан ретінде Амангелді ағамыздың өмірі – кейінгі ұрпаққа үлгі, өнеге.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ПРОКУРОРЫ «АТАМЕКЕН» ӨҢІРЛІК КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫНЫҢ САЛАЛЫҚ КЕҢЕС ТӨРАҒАЛАРЫМЕН КЕЗДЕСІП, ШЕШІМІН ТАППАЙ ЖҮРГЕН ЖҮЙЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ТАЛҚЫЛАДЫ

2025 жылдың 19 наурызында облыс прокуроры Марат Әбішев бизнестің нақты проблемаларын шешу мақсатында, «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасының салалық кеңес төрағаларымен кездесті. Кездесуге өңірлік «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының құрылымдық бөлімдерінің басшылары және салалық кеңес төрағалары, сондай-ақ облыстық прокуратура қызметкерлері қатысты.

Бизнес-қоғамдастықтың мемлекеттік органдармен тиімді өзара іс-қимылы мақсатында өңірлік палата жанынан кәсіпкерлердің міндеттері мен проблемаларын шешу үшін салалық кеңестер құрылды және жұмыс істейді.

Бүгінгі таңда 200-ден астам бизнес өкілдерін біріктіретін сауда және қызмет көрсету, денсаулық сақтау, құрылыс, тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы және энергетика, көлік және логистика, агроөнеркәсіптік кешен, әйелдер кәсіпкерлігін дамыту, индустрия, туризм сияқты өңіріміз үшін маңызды бизнес бағыттарды қамтиды.

«Бүгінгі таңда бизнесті қорғау

және инвестициялық жобаларды қолдау прокуратура органдарының басым бағыттары болып табылады.

Бұл міндеттерді еліміздің Президенті мен Бас Прокурор жүктеді, және біз оларды тиімді жүзеге асыруға міндеттіміз. «Кәсіпкерлер кездесетін нақты, жүйелі проблемаларды көрсететін бизнес-қоғамдастықтың кері байланысы қажет - бұл әкімшілік кедергілер, заңсыз тексерулер, рұқсаттардың күрделілігі немесе басқа да кедергілер.» - деді сөзінде облыс прокуроры Марат Әбішев. Өз кезегінде өңірлік кәсіпкерлер палатасының директоры Дидар Боранқұлов бизнес-қоғамдастық пен прокуратура органдары арасындағы конструктивті диалог үшін маңызды платформаға айналған кездесу үшін облыс прокурорына алғысын білдірді. Осындай кездесулер тұрақты болады деген үмітін білдірді.Кездесу барысында салалық кеңестердің төрағалары қолданыста бар проблемалық мәселелерді, оның ішінде электр энергиясы тарифтерін көтеру мүмкіндігі талқыланды. 2024 жылдың

1 наурызынан бастап заңды тұлғалар үшін тариф 25%-ға артқан болса, алдағы уақытта 32%-ға қайта көтеру жоспарлануда. Бұл бизнес-субъектілерінің жұмысына кері әсерін тигізіп, жалпы өңірдің инвестициялық тартымдылығын төмендетуі мүмкін. Осыған байланысты бұл мәселе облыс прокурорымен кездесу барысында көтерілді.

Денсаулық сақтау саласында отандық медициналық техниканы өндірушілерінің мәселелері талқыланып, қолданыстағы рәсімдерді қайта қарау және практикалық механизмдерді енгізу жолдары ұсынылды. Кәсіпкерлікті дамыту және өндіріс көлемін арттырудың маңызды бағыттарының бірі – жергілікті өнім үлесін арттыру және отандық тауар өндірушілерді қолдау.

Осыған орай, барлық отандық тауар өндірушілерге мемлекеттік сатып алуларға теңдей қатысу мүмкіндігін қамтамасыз ету, оның ішінде офтейк-келісімшарттар жасасу жолдары қарастырылды. Мектеп тамағын қаржыландырудың жеткіліксіздігі мәселесі де қозғалды. Жыл сайын

инфляция деңгейіне сәйкес тамақтану құны өсіп отырады. Алайда, Ақтөбе облысында бұл шығындар индексацияланбаған. Осыған байланысты мектеп асханаларын ұйымдастырумен айналысатын кәсіпкерлер атынан ұсыныс жасалып, бір балаға шаққандағы тамақтану құнын қазіргі кезеңде ҚҚС-сыз 605 теңгеге дейін көтеру қарастырылуы сұралды.

Жүк тасымалдаушылар үшін шетелдік рұқсат бланкілерін алу мәселесі де көтерілді. Бұл бланкілер республикадан тыс жерлерге жүк тасымалдауға мүмкіндік береді.

Бірақ қабылдаушы елдің тарапынан берілетін бланкілер саны шектеулі болғандықтан, жүк тасымалдаушылардың қызметінде тұрып қалу туындап, олардың кәсіпкерлік қызметіне зиян келтіруде.

Бұл жалпы алғанда елдің экспорттық әлеуетіне кері әсерін тигізеді. Кездесуде талқыланған маңызды мәселелердің бірі – Аграрлық несиесі корпорация тарапынан міндеттемелердің кеңейтілген мониторингінің ұзақ уақыт қаралуы. Бұл өз кезегінде про-

блемалы несиелерді қайта құрылымдау мерзімдерінің созылуына әкеледі. Мысалы, қарау мерзімі 3 айдан астам уақытқа созылған жағдайлар болды. Бұл мәселені корпорация филиалдарына тапсыру ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің мәселелерін қысқа мерзімде шешуге мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта облыста 700-ге жуық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін біріктіретін 14 несие серіктестігі жұмыс істейді. Жергілікті атқарушы органдар өткізетін мемлекеттік сатып алу саласы да қозғалды.

Алдыңғы жылдың қараша-желтоқсанында алдағы күнтізбелік жылға жөндеу жұмыстарының, реконструкциялаудың және құрылыстың барлық түрлері бойынша мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырған жағдайда, бұл мердігер ұйымды алдын ала анықтауға, сол арқылы жұмыс күшін, арнайы техника мен өндіріс материалдарын дайындауға мүмкіндік береді, яғни құрылыс-монтаж жұмыстарын мерзімінде аяқтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, кез-

десу барысында ішкі туризмді дамыту, оның ішінде гранттар мен жеңілдетілген қаржыландыруды қоса алғанда, мемлекеттік қолдаудың қосымша құралдарын енгізу бойынша ұсыныстар қаралды.

Мысалы, бір кәсіпкерге мемлекеттік грант сомасын 5,0-тен 10,0 млн. теңгеге дейін ұлғайту, бұл туризм саласындағы кәсіпкерлік белсенділіктің өсуін ынталандыруға және өңірдің туристік тартымдылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Кездесу барысында барлық қозғалған мәселелер бойынша оларды шешу жолдары талқыланып, қорытындысы бойынша облыс прокуратурасының қарауына қабылданды. Кездесу қорытындысы бойынша, облыс прокуроры мен Кәсіпкерлер палатасының Өңірлік кеңесі төрағасы Асхат Айтжанов бизнесті құқықтық қорғауды қамтамасыз ету үшін ашық диалог пен ынтымақтастықтың маңыздылығын, өңіріміздің экономикасының дамуына ықпал ететінін және оң нәтижеге тек бірлескен күш-жігер арқылы қол жеткізуге болатынын атап өтті.

ӘКІМ САЙЛАУЫ - 2025

2025 жылғы 18 мамырға тағайындалған, Ойыл ауданының Көптоғай және Саралжын ауылдық округтері өкімдерін сайлаудағы уәкелелік сайлау комиссияларының құрамы	
№ 399 уәкелелік сайлау комиссиясы Амангелді ауылы, Астана көшесі 16, Амангелді ауылдық клубы ғимараты, телефон (871332)73-4-90	
Артықбаев Дастан Берекетұлы	төраға
Ғафур Лена Сағынтайқызы	төрағаның орынбасары
Сидақова Жакен Сақышқызы	хатшы
Комиссия мүшелері:	
Әбдіғалиева Дидар Сағынқызы	
Дүйсенова Айзада Смағұлқызы	
№ 400 уәкелелік сайлау комиссиясы Қарасу ауылы, Алашорда көшесі 7, Қарасу ауылдық клубы ғимараты, телефон (871332)73-4-89	
Ерсарина Света Жасанқызы	төраға
Нұртаев Дәулет Аманжолұлы	төрағаның орынбасары
Ермек Меңтай Русланқызы	хатшы
Комиссия мүшелері:	
Нұрғалиев Азамат Айжарықұлы	
Асылбаев Асылан Базарбайұлы	
№ 401 уәкелелік сайлау комиссиясы Көптоғай ауылы,Қазақстан көшесі 18, Көптоғай ауылдық клубы ғимараты, телефон (871332)74-5-11	
Омарова Мейрамгүл Бактығалиқызы	төраға
Аманбаева Бағлаш Тастемірқызы	төрағаның орынбасары
Бисенқұл Айсұлу Жұмабайқызы	хатшы
Комиссия мүшелері:	
Мұқанов Лұқман Кәдірұлы	
Таңатарова Ардақ Серікқызы	
№ 569 уәкелелік сайлау комиссиясы Көптоғай ауылы, Мектеп көшесі 4, «Құрман орта мектебі» КММ ғимараты, телефон (871332)74-5-44	
Өмірғалиев Әлібек Исағалиұлы	төраға
Калдығұлова Эльмира Сағынқызы	төрағаның орынбасары
Шоқпарова Алтынгүл Қайратқызы	хатшы
Комиссия мүшелері:	
Қожадиясова Арайлым Ғаниқызы	
Құрманов Қанат Тайбекұлы	
№ 402 уәкелелік сайлау комиссиясы Шұбарши ауылы, Желтоқсан көшесі 19, Шұбарши ауылдық клубы ғимараты, телефон (871332)73-4-93	
Тайбурин Қазі Әлімұлы	төраға
Сабыров Нұрперзент Орынғалиұлы	төрағаның орынбасары
Тұрғалиева Әсем Мухамедиярқызы	хатшы
Комиссия мүшелері:	
Мұхамбетова Жанаргүл Даукенқызы	
Оңайбаева Гүлжан Амантайқызы	
№ 408 уәкелелік сайлау комиссиясы Кемер ауылы,Бейбітшілік көшесі 15,Саралжын ауылдық клубы ғимараты, телефон (871332)74-1-45	
Қилашева Қоңыршаш Жұмабайқызы	төраға
Испуринова Гүлжанат Панабекқызы	төрағаның орынбасары
Аманғалиқызы Асылай	хатшы
Комиссия мүшелері:	
Бисенбаев Асқар Бисенбайұлы	
Жұбанов Рүстем Маратұлы	
№ 409 уәкелелік сайлау комиссиясы Шикұдық ауылы,Қ.Рысқұлбеков көшесі 18,Шикұдық ауылдық клубы ғимараты, телефон (871332)74-1-43	
Аяпбергенов Мереке Ерекешұлы	төраға
Бейісова Айгүл Ескендірқызы	төрағаның орынбасары
Сисенбаев Даулеткелді Жұмағалиұлы	хатшы
Комиссия мүшелері:	
Мақсот Асылан Алпамысұлы	
Сапарова Мейізгүл Орынбасарқызы	
№ 410 уәкелелік сайлау комиссиясы Бестамақ ауылы,Тайсойған көшесі 6,Тайсойған ауылдық клубы ғимараты,телефон (871332)74-2-71	
Бисенов Балтабай Сырлыбайұлы	төраға
Нижанов Асылбек Жұмаұлы	төрағаның орынбасары

Жиеналина Багдагул Кенжебайқызы	хатшы
Комиссия мүшелері:	
Бержекенов Ерболат Нұрбергенұлы	
Қалашева Бижамал Қалашқызы	
№ 411 уәкелелік сайлау комиссиясы Ақкемер ауылы,Жеткіншек көшесі 9,Ақкемер ауылдық клубы ғимараты, телефон (871332)74-0-82	
Әбілғазин Қалыбек Майлықұлы	төраға
Иманов Алпысбай Жарылғасынұлы	төрағаның орынбасары
Есенова Алтынгүл Бөгетбайқызы	хатшы
Комиссия мүшелері:	
Қилыбаев Нұрбек Мұратбекұлы	
Алдабергенұлы Әлібек	

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы: **Б.Бисекенов**

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы: **Н.Кенжебеков**

ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ШЕКАРАЛАРЫ

№ 399 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Көптоғай ауылдық округі Амангелді ауылы Астана көшесі 16, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Амангелді ауылдық клубының ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Амангелді ауылы: Жаңақадам, Алғабас, Ынтымақ, Бейбітшілік, Астана көшелері.

№ 400 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Көптоғай ауылдық округі Қарасу ауылы Алашорда көшесі 7, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Қарасу ауылдық клубының ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Қарасу ауылы: Тамдыкөл, Мақпалкөл, Алашорда, Ойыл көшелері.

№ 401 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Көптоғай ауылдық округі Көптоғай ауылы Қазақстан көшесі 18, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Көптоғай ауылдық клубының ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Көптоғай ауылы: Ардагер, Достық, Құрман, Жеңіс, Мектеп, Наурыз, Сапы, Тәуелсіздік, Әл-Фараби, Жамбыл, Мәңгілік Ел көшелері.

№ 569 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Көптоғай ауылдық округі Көптоғай ауылы Мектеп көшесі 4, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Құрман орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Көптоғай ауылы: Қазақстан, Абай көшелері.

№ 402 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Көптоғай ауылдық округі Шұбарши ауылы Желтоқсан көшесі 19, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Шұбарши ауылдық клубының ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Шұбарши ауылы: Ақсай, Желтоқсан, Ишанбай Қарақұлов, Шығанақ Берсиев көшелері.

№ 408 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Саралжын ауылдық округі Кемер ауылы Бейбітшілік көшесі 15, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Саралжын ауылдық клубының ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Кемер ауылы: Ә.Дербісәлин, Алаш, Ботагөз-2, Ақтөбе, Қазақстан, И.Құрманов, Көктал, Қ.Шоланов, Таубатыр, Бейбітшілік, С.Керімбаева көшелері; Коңырат ауылы: Қоңырат, Ойыл көшелері.

№ 409 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Саралжын ауылдық округі Шикұдық ауылы Қайрат Рысқұлбеков көшесі 18, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Шикұдық ауылдық клубының ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Шикұдық ауылы: Теректі, Қайрат Рысқұлбеков көшелері.

№ 410 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Саралжын ауылдық округі Бестамақ ауылы Тайсойған көшесі 6, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Тайсойған ауылдық клубының ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Бестамақ ауылы: Аяпберген, Тайсойған, Жасталап көшелері.

№ 411 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Саралжын ауылдық округі Ақкемер ауылы Жеткіншек көшесі 9, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Ақкемер ауылдық клубының ғимараты.ы

Сайлау учаскесінің шекаралары: Ақкемер ауылы: Жеткіншек, Бекет ата, Қиыл көшелері.

Аудан өкімі: **А.Қазыбаев**

Тарихтың көне қойнауында биік мұратты ту етіп, өркениет пен ізгіліктің, мәдениет пен өнердің дамуына, ел тәуелсіздігімен ел бірлігін, болашағын ойлауда ықпал еткен халықтың қалың ортасынан шыққан тарихи тұлғаларға арайлы Ақтөбе жері кенде болған емес.

Соның бірі, бірігейі - Қазақстанның мемлекет қайраткері, 1943-1947 жылдары Қазақстанның ОК хатшысы Ахметжан Қойшығұлов Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, №2 Ақшатау ауылында 1905 жылы 13 қаңтар айында дүниеге келген. 1998 жылдың 17 тамызында Алматы қаласында дүниеден озған тұлға. Қазақстанның мемлекет қайраткері, Кеңес қызметкері. 1925-26 жылы Қызыл әскер қатарында болған. 1926-29 жылдар аралығында Ойыл аудандық халық тергеушісі қызметінде. 1929-38 жылдары Мемлекет қауіпсіздік органдарында жұмыс жасаған.

Сол кезде салынып жатқан Шымкенттің қорғасын заво­дын ағылшындардың арандатуынан аман алып қалған деседі.

1938-43 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысының аткомы­ның төрағасы болғанға дейін ел аумағында және одан тыс жерлерде талай сыннан өткен ол, шын мәнінде саяси шындалған тұлға. Қаз. КСР Авто­мобиль көлігі халкомы.

Қаз. КСР халком кеңесі төраға­сының орынбасары және Бақылау халкомы. 1943-47 жылдары Қазақстан К/Б/П ОК хатшысы. 1947-54 жылдары Қызылорда облысы аткомы­ның төрағасы, Қаз.КСР Ком­муналдық шаруашылық мини­стрінің және Қаз.

КСР Министрлер Кеңесі жа­нындағы су шаруашылық басқармасы бастығының орынбасары, Қаз. КСР ауыл-шаруашылық министрлігінің көші-қон бас басқармасының бастығы. 1954-62 жылдары Қаз.КСР Ауыл шаруашылық министрінің орынбасары, осы министрліктің көші-қон басқармасының бастығы. Қа­зақстан К/Б/П 2-4 съездерінің делегаты, 1940-47 жылдары Қазақстан К/Б/П ОК-нің мүшесі және оның бюро мүшесі болған Ахметжан Қойшығұлов.

Елге жасаған қызметтік кезең­дегі игі істері: Соғыстың сұрапыл күндерінің бірінде қолын­да ауызы буылған қапшығы бар жауынгер Алматы қаласы­ның әскери комисариатына келген.

Кезек күтіп, әскери комис­сардың бөлмесіне кірген. Өзі жасаған жаңа атыс қаруының үлгісін көрсеткен. Жауынгер әскери комиссардың бөлмесі­нен бірден гаупахтаға жөнетіл­ген. Бірақ, құдай ондап, жауынгердің қолындағы бумада әлемдік сұранысқа ие болатын атыс қаруы жатқанын түсінген­дер табылған. Жауынгер – Ми­хаил Тимофеевич Калашников та, бумадағы қару «Калашни­ков автоматы» болған.

Михаил Калашниковты Қа­зақстан Компартиясының Ор­талық Комитетінің Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі хатшысы Ахметжан Қойшығұлов қабыл­даған.

Қаруды мұқият қарап, тұңғыш рет өзі сынап көрген хатшы жас конструкторды бірден Ал­матыға көшіп келген Орджо­никидзе атындағы Мәскеу авиация институтына орнала­стырылып, қаруды жетілдіру үшін жұмыс тобын құрған. Екінші үлгісі Ахметжан Қой­шығұловқа алғашқысынан да қаттырақ ұнаған. Сөйтіп, ол Михаил Калашниковқа

жоғары мінездеме жазып, Самарқандағы Дзержинский атындағы Артиллерия акаде­миясына академик Благона­ровка жібереді.

Самарқаннан кейін Мәскеуде­гі Қызыл Армияның Бас артил­лерия басқармасы, одан соң Коломдағы Орталық ғылы­ми-зерттеу орталығы. М.Ка­лашниковтың жұлдызды күн­дері басталған. Ал Ахметжан Қойшығұлов соғыстың ауыр жылдарында Қазақстанға шоғырландырған әскери алып зауыттардың, онымен ілесе жүретін қаптаған өнеркәсіп орындарының толып жатқан қиындықтарын шешуге мол үлес қосқан қайраткер.

Отанына қызмет ету әркімнің міндеті. Әсіресе кеңестік ке­зеңде, уақыт талабымен аға ұрпақтың көп жағдайда бір са­лаға емес бінесе салаға ма­мандануына тура келеді.

-Ақмола-Карғалы темір жолын жүргізуді ұйымдастырған соған басшылық етіп іске қосқан.

-Өскемен мен Семей ара­лығындағы «Шығыс сахна­сы»-деп аталатын 800 шақы­рымдық автомобиль жолын салуды ұйымдастырып іске қосқан.

-1939 жылы соғыс баста­лар алдында ең бірінші ұй­ымдасқан Қазақстанның авто­мобиль тарнспорттарды халық комиссарлығына тағайында­лып оның қалыптасуына зор көмек көрсетіп жұмыс жүргіз­ген.

-1943 жылы оның іс басқару­дағы шеберліктерді, ұйымда­стыру жұмыстарын жақсы жүр­гізетіндігін ескеріп, Қазақстан КП Орталық комитетінің Отан қорғау жөніндегі секретар­лығына жоғарылатылады. Осы мезгілде солдаттардың алғыс сезіміне бөленгендігін Москва қаласында Загорк де­ген жерінде тұратын-зейнеткер Калашников өз мінездемесін­де Ахметжан Қойшығұловтың көрсеткен жәрдемін айрықша бағалайды. Атақты «А-74» автоматын ойлап тапқан екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Михаил Тимофеевич Калаш­ников өзінің «От чужого порога до Спасских ворот» деген кіта­бында:

1943 жылы жараланып, го­спитальда жатып, неміс авто­матына қарап, өзінің автомат жобасын сызғанын бірақ еш жерден қолдау таба алмағанын айтады. Әскери шені сержант күйінде Орталық ко­митетінің хатшысы Ахметжан Қойшығұловтың алдына ба­рып, одан көмек алғаны тура­лы алғыспен жазады.

1944 жылы Ахметжан Қой­шығұлов Қазақстан КП Ор­талық Комитетінің секретар­лығына жоғарылатылады. 1945 жылы соғыс жеңіспен аяқталғаннан кейін, өзі туған Ойылға, әкесін жерлеуге, келгенде иіні түскен тіршілікті көріп, жаны қатты күйзеліп, ел­дің ауыр жағдайын көріп, Ал­матыға қайта барған соң рес­публиканың бірінші басшысы Жұмабай Шаяхметовтың қа­былдауында болған. Жағдай­ды егжей-тегжейлі баяндап ең шалғайда жатқан ауданның халі бәрінен де мүшкіл екенін ойлаған бірінші хатшы және Ахметжан Қойшығұловтың өзі де, министрліктердің, ведом­стволардың басшыларымен тікелей байланысқа шығып, 1950 жылғы 9 желтоқсан­да Үкіметтің Ойыл ауданына көмек көрсету жөніндегі 1206 нөмірлі қаулысы қабылданған.

Алматыдан Ойыл ауданы­на атақты Шығанақ Берсиевтің тарысын тасуға 10 көк арба және Ойыл еңбекшілеріне бір вагон үнді шайынан, бір вагон өндіріс товарларын жіберді.

Сондай – ақ жәрдем Гурьев қаласына да жасалған. Кел­ген тауарларды жергілікті са­иуда қызметкерлері талан-та­ражға салып берекетін алып кейбіреулері сотталып та кет­кен. Сол күндердің ойылдық адал куәгерлері оны Табыл Құлиясовтың естелігіндегі «Қойшығұловтың көк арбасы» деп әлі күнге дейін еске алып отырады.

1975 жылы Ахметжан Қой­шығұлов 70 жасқа толу мере­кесіне Ойылдан сол кездегі аудандық партия комитетінің бірінші секретары Сапар Сағынтаев жетікөл совхозы­ның директоры Отар Клипа­нов және ДӨУ-40 мекемесінің бастығы Аққали Берғалиев­тер болып, Алматыға барған бір сапарында одақтық дөре­жедегі зейнеткер Ахметжан Қойшығұловқа сәлемдесе кіреді. Сол ортада облыс ор­талығымен арадағы көтерме жолдың «сақалды» пробле­масы тағы да әңгіме арқауына айналады. Ел жағдайына қа­ныққан Ахметжан Қойшығұлов «Қандай тілектерің бар» -деп сауал қойғанда.

Біздер Ойыл селосына жақын жердегі Ойыл өзенінің көктемгі су тасқыны кезінде бір ай бойы облыс орталығы Ақтө­бемен және Ойыл ауыл шару­ашылық мекемелері ауданның күре тамыры /артериясы/ бо­лып есптелетін Шұбарқұдық станциясымен байланыс үзіліп қалатынын, ол шаруаға теріс әсерін тигізетінін Дінмұхамед (Димаш) Ахметұлы Қонаев жолдасқа кіретінімізді есіне салған. Сол бойда Ахметжан Қойшығұлов өз үйінен Дінмұ­хамед Ахметұлы Қонаев жол­дасқа телефон шалып біздің сауалымызды айтып жәрдем сұрады. Ертеңіне сол уақыт­тағы республика жол министрі Леонид Борисович Гончаров , Ойылдың бірінші хатшысы Сапар Сағынтаев үшеуі Қона­евтың қабылдауында болып 2 миллион 600 мың сом қаражат бөлдіріп, Ойыл селосының қасындағы көпірден бастап Хобдаға дейін, Шұбарқұдұққа дейін көпірлерді салдыруға ті­келей көмегін тигізген.

Келесі бесжылдық жоспа­рына кіргізіп Ойыл-Шұбар­құдықтың жолын асфальт салдырған. Шындығында Дінмұхамед Қонаев пен Ах­метжан Қойшығұловтың ара­сы ұстазбен шәкірттің қарым қатынасы болған. Соның бір куәсі ретінде марқұм Серік­жан Қуатовтың мынандай бір естелігін келтіруге болады:

-«1968 жылдың август айының Чехословакияда бүлік шығып жатқан күндерінің бірінде шы­рылдап жатқан телефонды көтеріп едім, біреу атамды шақырды. Атам - келсең келе ғой тек күшіктеріңді ертпе деп. Кемпіріне ауладағы ОК пар­тибаныне бар, ал сен Олегті (7 жасар жиен немересі) қа­рап отыр деді. Қонаев келген шаруасын айтты:

-«Чехословакияда болып жатқан бүлікті естіп жатыр­сыз ғой. Москвадан Брежнев бүлікті басуға Қазақстаннан бір әскери құрама сұрап жа­тыр не істейміз дегенде атам сөңдер бұл оқиғаны интерна­ционалдық борышымыз деп қарайсыңдар.

Ал біраз заман өткенде бұның бәрі қараланады, сонда біздің еліміз масқараланады. Сон­дықтан бір құрама емес бір қазақ солдаттың аяғы ол елдің жерін баспау керек. Россия үлкен ел, қанша құрама керек, өз елінен алсын, біздің ол ма­селеге басымыз ауырмау ке­рек. деп Брежневті тоқтақан». Сонда қазіргі жағдайды жарты ғасыр бұрын көрген екен!

Сонымен қатар, Ойылдан Алматыға жоғарғы оқу орын­дарына түсуге барған Ойыл балаларына абиту­ренттеріне көптеген жәрдемін тигізіп, ин­ститутқа түсулеріне жәрдем­дескен. Ахметжан Қойшығұло­втың Ойыл ауданына сіңірген еңбектерін жоғары бағалап және ұзақ уақытқа есте қалды­ру үшін, адал патриот өкенді­гін ауылдағы кешегі ұстаның баласы, поштаның телеграфисі Қазақстан КП Орталық коми­тетінің секретарлығына дейін көтерілуі кез-келген азаматтың қолынан келе бермейтін іс.

1962 жылдан бастап Одақтық дәрежедегі дербес зейнеткер. Қазақстан К/Б/П Орталық ко­митетінің мүшесі және бюро мүшесі болды. Еңбек қызыл Ту, І-дәрежелі Отан соғысы, «Қызыл Жұлдыз», «Құрмет белгісі» ордендерімен және медальдармен наградталған. (Қазақ Совет энциклопедиясы 6 том).

1943 жылы 38 жасында Ахмет­жан Қойшығұлов Қазақстан партиясын қорғаныс өндірісі жөніндегі хатшысы болған ке­зеңде, Ұлы Отан Соғысында жауға атылған он оқтың тоғыз Қазақстан бергені белгілі, олай болса осыншама өндіріс басқарып, ұйымдастыру оның еңбегі зор екені белгілі. Соғыс басталғаннан кейін, Мәскеу мен Ленинградтың ірі 260 астам заводтары Қазақстанға көшірілгені белгілі. Ақтөбедегі рентген, геотехника заводта­рының Орал, Гурьев қалала­рына орналаспай, біздің облыс отралығына орналасуында да А.Қойшығұловтың үлесі бар.

Советтік Шығыстан Совет Одағының Батыры атағын алған қосқарлығашымыздың бірі, біздің жерлесіміз Әлия болса, екіншісі Мәншүк екенін дүйім жұрт біледі. Ал Мәншүк­тің Ахметжан Қойшығұловтың көмегімен соғысқа аттанғанын және оны Алматыдан соғысқа аттанып бара жатқан 100 атқыштар дивизиясының ко­миссары Сақтаған Бәйшевті шақырып алып, көзіңнің қара­шығындай сақта деп тапсыр­ғанын екiнiң бiрi бiле бермей­дi.

«Қазақстан» баспасынан 1975 жылы шыққан «Ару отты жылдарда» деген кітаптың 20 бетін ашсақ: «Қызыл Армия қатарына жіберуге қалалық, облыстық, республикалық, комсомол комитеттері ешқан­дай көмек көрсете алмаған­дықтан, Мәншүк Маметова осы тілекпен Қазақстан Ком­партиясы Орталық Комитеті хатшыларының біріне баруға белін бекем бұған және қолдау алған.

Әжет те, қайратты жас Мән­шүк Маметова соғысқа жібер­гені үшін алғысын хат арқылы жеткізген. Соғыс және еңбек ардагерлер Советінің алқа­сы Ойыл селосының орталық көшесі Ганин көшесінің атын өзгертіп, осы Ойыл өңірінде дүниеге келген Ойыл кеңша­рында және Ақтөбе қаласы Ясный ауылының бір көшенің атына Ахметжан Қойшығұлов­тың есімі берілген. Ахметжан Қойшығұловтың қазақ өліне, халқына сіңірген еңбектері Қа­зақ-СССР-нің I томында айқын көрсетілген. А.Қойшығұлов соңғы демі біткенше туған ауылын сұрап, соның тағды­ры үшін алаңдап, қуанышына күліп, жамандағына налып отыратын тұлға, кейінгі еске­лең ұрпаққа аңыз, еліне құр­метті азамат болып, ел есінде мәңгі қала бермек.

Дулат ИСАБАЕВ,
Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейінің ғылыми қызметкері.

15 сәуір 2025 жыл 3 ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ — 80 ЖЫЛ

«ОТАН ҮШІН ОТ КЕШКЕН ОЙЫЛДЫҚТАР»

9 мамыр - «Ұлы Отан соғы­сы» деген атпен тарихта қалған 1941-1945 жылдар аралығын­дағы қанды қырғынның жеңіспен аяқталғанына 80 жыл толады. Жеңіс күні, бұл – ұлы мереке. Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің еліміздің ұл-қыздары да жау­мен аянбай шайқасты. Соғысқа 2 миллионға жуық қазақстандық қатысып, олардың жартысы май­дан даласынан оралмады. Мил­лионға жуық адам тылда еңбек етіп, Жеңісті жақындатуға лай­ықты өз үлестерін қосты. Қазіргі таңда сол ардагерлердің ұрпақта­рымен артында қалған музейдегі жедігерлері, архивтік құжаттары, сарғайған хаттары, хабарлы қара қағаздары еріксіз соғыс арда­герлерін еске түсіреді. Жеңістің 80-жылдығында әрбір ұрпақ, өз аталарын құрметтеп, ардақтау ол біздің асыл парызымыз. Ел үшін ерлік жасап отансүйіштік пен патриоттықтың үлгісін көр­сеткен қаһармандар ешқашан да ұмытылмайды. Ойыл өңірінен де

3000-ға жуық соғыс ардагерлері бүкіл КСРО құрамына кірген ха­лықтармен бірге, ауданымыздың көптеген азаматтары ел басына құн туған шақта қаймықпай қолы­на қару алып, Советтік Отанның әрбір сүйем жері үшін жан аямай күресіп, Москва мен Ленинград­ты қорғауда, Заполярьеде, Орел мен Курск даласында жаумен шайқасты. Украина мен Бело­руссияның қалың ормандарын­да қар жамылып, мұз жастанып ел үшін, туған жер үшін туысқан республикалардың жерлерін жа­удан тазартуға, Европа елдерін фашистік құлдықтан азат етуге қатынасты. Фашизмнің ордасы Берлинге жетіп, Рейхстагқа ту тік­кен капитан Неустрове басқарған батальон құрамында жерлесіміз Құлымжан Мамедовтың болған­дығын мақтан етеміз. Сол кездегі ерлік еңбектері жоғары бағала­нып, жүздеген жерлестеріміз ор­ден медальдармен марапаттал­ды. Солардың бірі аудан азаматы

Николай Николаевич Оноприен­ко Советтер Одағы ның Батыры атағына ие болса, Шүкіров Еркін Тәңатарұлы «Даңқ» орденінің толық иегері болды. Екі «Қызыл жұлдыз», II, III дәрежелі «Даңқ» ордені, бірнеше медальмен ма­рапатталған, № 6305 Белгород дивизиясының құрамында ұрыс­та болған Назарбай Сүндетба­ев, III дәрежелі «Даңқ» ордені­не, бірнеше медальға ие болған Қорқыт Ақпанов, Қайыржан Мұхтаров, Жайылқан Мерғали­ев, Закария Құлбеков, Қадыр Қожахметов, Сүндет Ұзақбаев, Жаңабай Дәуов, сол сияқты Екі «Қызыл жұлдыз» және көптеген медальмен марапатталған Са­быр Базаров, Григорий Игнатье­вич Зражевский, Ғани Есниязов, Шам Пангереев, Мейман Мұсаға­лиев, Ідіріс Суқашев және басқа да жауынгерлердің ерлік істерін ұрпақ мақтан етеді, құрметпен еске алып, олардың ерлігінен үлгі алады. Ойылдық жауын­герлер неміс фашистеріне қар­сы күресте майданның барлық жерлерінде ерлікпен шайқасты. Олардың ішінде атап айтар бол­сақ Мұхат Құбаев, Құлымжан Ма­медов, Қанатбай Сәрсенғалиев, Хамит Сисенғалиев, Тоқтар Мұ­сабеков, Найзабай Жолдасбаев, Қарақұл Елеусінов фашизмнің ордасы Берлинді алуға қатынас­са, Орынбасар Асанов, Рахым Жұмағалиев Заполярьені, Бахыт Наурызов, Бернияз Аманғосов, Жоныс Бақтыгереев революция бесігі болған Ленинградты, Ан­дрей Александрович Ларин, Шам Пангереев, Әдиет Нұрқасов, Аққыстау Тілепов, Тихон Ивано­вич Петрашов, Муса Құрманов, Сағын Шідербаев, Шорбаев Иса­бай т.б. Сталинградты қорғауға қатынасқан. Ұлы Отан соғысынан елге оралып, ел арасында атта­ры аңызға айналған Социалистік Еңбек Ері Қуаныш Ержанов пен «Еңбек Қызыл Ту» орденінің ие­гері Отар Клипанов, Қазақстан­ның мемлекет қайраткері, 1943-1947жылдары Қазақстан­ның ОК хатшысы Ахметжан Қой­шығұлов туралы ерекше айтуға болады. Жеңіспен елге оралған­нан кейін жауынгерлік ерлікті

еңбектегі ерлікке ұштастырып, ауданның қой шаруашылығын өркендетуге орасан зор үлес қоса білді Қ.Ержанов. Соныменқа­тар Ұлы Отан соғысының арда­гер жауынгері Ленин, «Октябрь революциясы», «Еңбек Қызыл Ту», екі марте «Құрмет белгісі» ордені, «Ерлігі үшін» және басқа да көптеген медальдармен мара­патталған Отар Клипановтың соғыс­тан кейін ауданның халық шару­ашылығын өркендетуде белсенді еңбек еткені тайға таңба басқан­дай халық есінде. Жиырма бір жыл «Жетікөл» совхозының ди­ректоры болған Клипановтың бүкіл өмірі, жауынгерлік және еңбектегі ерлігі кейінгі ұрпаққа үлгі. Айта берсек, соғыс ардагер­лерінің ерлік істері, олардың елге оралғаннан кейі бейбіт еңбектегі жетістіктері ұшан теңіз. Соғыс ар­дагерлері еңбек майданында да үлкен жетістіктерге жетті, ел эконо­микасын көтеруге, мәдениетін арттыруға зор үлес қосты. 1944 жылы Ахметжан Қойшығұлов Қазақстан КП Орталық Коми­тетінің секретарлығына жоға­рылатылады. 1945 жылы соғыс жеңіспен аяқталғаннан кейін, өзі туған Ойылға, әкесін жерлеуге, келгенде иіні түскен тіршілікті көріп, жаны қатты күйзеліп, елдің ауыр жағдайын көріп, Алматыға қайта барған соң республика­ның бірінші басшысы Жұмабай Шаяхметовтың қабылдауында болған. Жағдайды егжей-тегжей­лі баяндап ең шалғайда жатқан ауданның халі бәрінен де мүшкіл екенін ойлаған бірінші хатшы және Ахметжан Қойшығұловтың өзі де, министрліктердің, ведом­стволардың басшыларымен ті­келей байланысқа шығып, 1950 жылғы 9 желтоқсанда Үкіметтің Ойыл ауданына көмек көрсету жөніндегі 1206 нөмірлі қаулысы қабылданған.

Алматыдан Ойыл ауданына атақты Шығанақ Берсиевтің та­рысын тасуға 10 көк арба және Ойыл еңбекшілеріне бір вагон үнді шайынан, бір вагон өндіріс товарларын жіберген. Сондай-ақ Ойыл селосының қасындағы көпірден бастап Қобдаға дейін және Шұбарқұдұққа дейін көпір­лерді салдыруға тікелей көме­гін тигізгені ел есінде. Еңбектері үкімет тарапынан да елеусіз қалған жок, кезінде бірнеше ор­ден, медальдармен атап өтілді. Сол отты жылдарда майдандағы жауынгерлерді азық-түлікпен, жылы киіммен қамтамасыз ету­де тыл еңбеккерлері де аянбай еңбек етті. Жерлесіміз Шығанақ Берсиев әлемді таңқалдырып, ең жоғары еңбек көрсеткішін ақ тарысымен көрсетті. Аудан­ның мәдени және саяси өмірін­де, шаруашылықтың барлық салаларында қажырлы еңбек етіп, уақытпен санаспай еңбек үлгісін көрсеткен аналарымыз бен апаларымыздың есімдерін құрметпен атауды орынды деп санаймын олардың арасында София Өтегенова, Назира Мұ­хамеджанова, Әмина Хабиева, Зауре Баймолдина, Мейізул Жетпісова, Қалима Медетова, Жансұлу Бердалиева, Ақханай Қаракенова, Шорбаева Несіп, Балерке Мұхамбетқалиева, Мар­жан Нұрмағамбетова, Жонас Бекеева, Бибі Асқарова, Байра Назарова, Гүлназар Ахметжано­ва, Гүлбарша Жапарова, Бәтші Дәденова, т. б. келгенге апа-а­налар болды. Соғыс жылдарын­да ауылшаруашылығын көтеру, оның өнімін арттыру, сөйтіп май­данды азық-түлікпен қамтемелеу үшін бірсыпыра ұйымдастыру қа­білеті жоғары ер азаматтар елде бронмен қалдырылып, колхоз өндірісін басқару ісіне жіберіл­ген. Олардың қатарында: Тіле­умағамбетов Сүйесін Масатов Сауытбай, Әкімов Ұлықпан, Қа­лиев Бақтыгерей, Мұхамедияров Қосжан, Тоқтаров Қайыр, т. б. да аянбай еңбек еткен. Елі үшін, Отаны үшін отқа түскен соғыс ардагерлерінің ерліктері ұрпағы­на үлгі, болашағына күш-жігер беретін, нағыз ер азамат болып қалыптасуына жаңа мүмкіндік берді.

Дулат ИСАБАЕВ,
Ғылыми қызметкер.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.	Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.
Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1422 дана. Тапсырыс 423 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525	«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

БАЙҚАУ - КӘСІПКЕ БАУЛУ

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «2025 жыл Жұмысшы мамандықтар жылы» болып жарияланды. Оның басты мақсаты – еңбек нарығында білікті жұмысшы кадрлардың жетіспеушілік мәселесін шешу. Бұл әсіресе құрылыс, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау, ақпараттық технологиялар және басқа да салалар үшін аса өзекті. Осыған байланысты жұмысшы кадрларды даярлайтын колледждер мен оқу орталықтарына ерекше назар аударылады.

Осыған орай, Ойыл ауданында алғаш рет 2025 жылдың 9 сәуірінде Ойыл кәсіптік колледжінде «JasSkills-2025» кәсіби шеберлік байқауы өтті. Байқауға Ойыл қазақ орта мектебі, Ш.Бекмухамбетова атындағы мектеп-гимназиясы, Екпетап мектеп-балабақшасы, Жақсыбайкөл негізгі мектебі, Амангелді орта мектебінің 5-9-сынып оқушылары қатысты. Байқау бес құзыреттілікті қамтыды: «Ветеринария», «Дөнекерлеу ісі», «Ауыл шаруашылығын механика-

ландыру», «Мобилография», «Тамақтануды ұйымдастыру». Бұл жас таланттардың қабілеттері мен дағдыларын көрсетуіне үлкен мүмкіндік берді. Байқау WorldSkills жұмысшы мамандықтары чемпионатының ережелеріне сәйкес өткізілді және қатысушыларға достық әрі бәсекеге толы ортада өздерін танытуға жағдай жасады. Олар тапсырмаларды үлкен қызығушылықпен орындап, өздерінің білімі мен шығармашылық қабілеттерін көрсете білді. Өрбір тапсырма тек кәсіби білімді ғана емес, сонымен қатар креативті ойлауды талап етіп байқауды мазмұнды әрі қызықты етті. Байқауға қатысушылары дипломдар, сыйлықтармен марапатталды. Жұмысшы мамандықтар жылына арналған бұл іс-шара техникалық мамандықтар мен жұмысшы кәсіптерін жастар арасында кеңінен насихаттауда маңызды оқиға болды.

Ш. ИЗМАТОВА,
Ойыл кәсіптік колледжі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары.

ШАШТАРАЗ МАМАНДЫҒЫ - ТАБЫСТЫ МАМАНДЫҚ



Президентіміз 2025 жылды "Жұмысшы мамандығы жылы" деп жариялады. Елдің алдына көп шыға бермейтін, бірақ жұмысы арқылы тұрғындардың көңілінен шығатын мамандық ол шаштаразшы. Шаштараз - бұл оқу ғана жеткіліксіз болатын бірнеше мамандықтардың бірі; клиенттің шаш үлгісінің сыртқы түрімен үйлесімділігін құруға мүмкіндік беретін белгілі бір талант және батылдық болуы керек.

Қазіргі заманда сырт келбетіне, әдемі шаш үлгісіне көп көңіл аударылады. Жауынбаев Күншашқан Бейбітұлы 2018 жылдан бастап ерлер шаштаразын ашып жұмыс жасауда. «Шаштараз мамандығы шығармашылық жұмыс деп айтуға болады. Себебі мұнда да ізденіп, өзінді жетілдіріп отырмасаң, көштен қалып қоюың өбден мүмкін»-дейді Күншашқан.

ТАЗАЛЫҚ — ТӘРТІПТІҢ АЙНАСЫ

«Ауыл көркі – тазалық, ел көркі – азамат» демекші, туған жердің таза да көрікті болуы әрбір саналы азаматтың борышы. Осы орайда Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығының бастамасымен «Таза Қазақстан» экологиялық жобасы аясында кезекті тазалық акциясы ұйымдастырылды.

Бұл игі шараға 30-ға жуық ерікті жас қатысып, Ойыл ауылының Сегізсай бағытындағы қордаланған қоқыс қалдықтарын жинастырды. Көктемгі күнмен бірге серпін алған жастар табиғаттың тазалығы үшін өз үлестерін қо-

сып, «таза орта – жарқын болашақтың кепілі» екенін іспен дәлелдеді.

Табиғатты аялау – тек бір күндік шаруа емес. Бұл — өмір салты. Жастардың бұл әрекеті «Жер — бізге ата-бабадан қалған мұра емес, болашақ ұрпақтан алған аманат» екенін тағы бір еске салды.

Иә, тазалық – тәртіптің айнасы. Ал тәртіп бар жерде береке бар. Бүгін қоқыстан арылған жол, ертең сенімді қоғамға бастар жолдың бастауы болуы тиіс. Жастардың бұл бастамасы – көпке үлгі, келешекке сенім.

ЖЕҢІСКЕ АРНАЛҒАН ЖЕҢІСТЕР



Өткен демалыс күні Ойыл ауылындағы Б. Бақаев көшесінде орналасқан шағын футбол алаңында Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығы мерекесіне орай, 2001 жылғы туған азаматтардың ұйымдастыруымен түлектер арасында "Түлектер кубогі" шағын футболдан аудандық турнирі өткізілді.

Турнирдің ашылу салтанатына спорт ардагері Дәулетқалиев Құнанбай Тұрарұлы, аудан әкімі Асқар Қазыбаев қатысып, спортшыларға сәттілік тіледі. Турнирге 8 команда қатысып, ақтық ойын көрермендердің көңілінен шығып, тартысты өтті. Турнир нәтижесін-

де I орынға 2018 жылғы түлектер, II орынға 2012 жылғы түлектер, III орынға 2016 жылғы түлектер ие болды. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге мадақтамалар, медальдар, кубок және турнирдің үздік ойыншыларына арнайы сыйлықтар табысталды. Бұл турнир тек спорттық сайыс қана емес, сонымен қатар, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан батырлар рухына тағзым мен ел ішіндегі бірлік пен достықты нығайтатын үлкен шара болды. Қатысушылар мен көрермендер ұйымдастырушыларға алғыс айтып, мұндай бастамалардың жалғасын табуын тіледі.

САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ 2025 ЖЫЛДЫҢ ІІ ТОҚСАНЫНА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдау жүргізетін тұлғаның Т.А.Ә	Азаматтарды қабылдау жүргізетін тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның, ұйымның орналасқан жері	Байланыс телефоны, электрондық мекенжайы
«Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Саралжын ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	М.Тажигалиев	Саралжын ауылдық округі әкімі	Сәуір 3,10, 17, 24 Мамыр 8, 15, 22, 29 Маусым 5, 12, 19, 26 Уақыты сағ.: 9:00 ден -12.00 ға дейін	Қазақстан көшесі - № 11А	74 – 001 Sar_uil@mail.ru

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Саралжын ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды. Сенім телефоны 74-001, сонымен қатар ғимаратта ұсыныс-пікір салу үшін жәшік орнатылған.

ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ, ТЕРРОРИЗМ – БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТҰРАҚТЫЛЫҚҚА ТӨНГЕН ҚАУІП

«Ауырып ем іздегенше, ауыр-майтын жол ізде» деген дана халықтың ұрпағымыз. Бұл барлық жағдайда сақтыққа шақыратын ұран болғанымен қазіргі жаһандандың салқыны шарпыған көптеген елдерде радикализм мен экстремизм індеті өршіп тұр. Кеңестік жүйеден шығып, идеологиялық тұрғыдан есін жиып, етек-жеңін жауып үлгермеген еліміздің азаматтары да осы індеттен ада емес. Иmandылық бет бұрып, діндарлық жолын таңдағандар да қазір көптеп саналады. Соның ішінде діндарлық деп әсіре діншілдікке, имандылық деп адасушылыққа ұрынған отандастарымыз да жоқ емес. Ендігі міндет халыққа теріс ағымдар туралы ескертіп қана қоймай, сол ағымның құрығына түскен (олар өздерін адасушылармыз деп санамайды) азаматтарды қайтадан қоғамға бейімдеу. Бұл да көп еңбек пен жүйелі жұмысты қажет ететін шаруа екендігі тәжірибеден белгілі. Біз үшін радикалды, теріс ағым болғанымен көптеген азаматтар үшін «тура жол» (шынайы ислам) саналатын кейбір идеологиялық топтармен күресу оңай шаруа болмасы екендігі біздің біліміміздің басты себебі, ол ағымдарда барлық қатынастар реттеліп, белгілі бір жүйе қойылған. Мәселен, еліміздегі ең ықпалды саналатын Сөләймілік идеологияның да тамыры тереңдеп жатыр. Егер олай болмағанда олар өздерінің сапына мыңдаған азаматтарды тарта алмаған болар еді. Мысалы, аталмыш ағымның бас идеологтарының бірі санылатын Ибн Таймийя өзінің «Үш негіз» деген еңбегінде: «Ақылды адам Құран мен сүннеттің түсінуде логикаға мұқтаж емес, ал ақылсыз адам оларды бәрібір түсінбейді»-деген. Ол сондай-ақ былай деп те өте келе адамның «Юл (логика) – биік таудың үстіндегі сасық ет сияқты, машақатпен жетесің,

бірақ алатын пайдаң мардымсыз-ақ», деген пікір айтады. Бұл пікір бойынша логиканы оқудың, жүгінудің қажеті шамалы. Ал ақыл туралы да көзқарасы жоғарыда келтірілді. Кез-келген дін – оны ұстанушылар үшін абсолютті ақиқат. Олай болмағанда діндардың діндарлығы күмәнда қалады. Сондықтан дінге немесе діни ағымдарға кірген адамның басты көздегені абсолютті «ақиқатты іздеу» екендігінде күмән жоқ. Тіпті радикализмде шектен шыққан халықаралық террористік актілерге қатысушылардың да алғашқы қадамы «ақиқатты іздеуден» басталған-дығында күмән жоқ. Лаңкестік топтарды құрушылардың түпкі мақсаты әртүрлі саяси мүдделерге негізделгенімен, олардың қатарын толықтырушы, қарапайым азаматтар діннен ақиқат іздеймін деп жаза басқандар деуге негіз бар. Адам психологиясының сан алуан қыры бар. Сенім, дін, илану сияқты ұғымдар адамның жан-дүниесінің тереңінен орын алатын түсініктер. Кезінде кейбір әлеуметтанушылар жасаған «секюляризм дамыған сайын сакрализмге орын қалмайды» - деген тұжырым қазірде ақталған жоқ. Адамзат ХХІ ғасырдың алғашқы ширегін бағындыруға жақын қалса да діннің қоғамдағы рөлі мен орны әлсіреген жоқ. Бұдан шығатын қорытынды: «Адамның білім деңгейі, әлеуметтік статусы, жасы қандай болмасын, дінге деген қаржттілікті сезіне бермек». Оның үстіне сенімнің тағы бір қыры ғылыми дәйектелмесе де, пайда-зияны айқындалмаса да, қайшаған ортаның ықпалымен немесе жеке пайымның нәтижесінде адам жүрегіне орнығуы. Тіпті, теріс көзқарастардың бастауында іштей қарсылық туындатқанымен уақыт өте келе адамның көкірегінде орнығып, адамдар өздерінің пайымдары мен сенім

қанағаттары үшін жанқиярлық дәрежеде күресуге дейін апаратындығы талай мәрте дәлелденген жағдай. Олай болса, белгілі бір сенім орнықпай тұрып жеке тұлғалармен әртүрлі бағытта жұмыс жасауға болатын болса, белгілі бір сенім көкейіне орныққаннан кейін және ол ұзақ уақыт қолданыс тапқаннан кейін адамның райынан қайтару барынша күрделі процеске айналады. Менің пікірім ғана дұрыс деген қағида адам баласының көбіне тән ерекшелік. Бұл діни ағымдар мен көзқарастарда өзін тіпті анық байқатады. Ешқашан жолы түйіспеген адаммен өз көзқарасына сай келмейтін ұстанымда, жолда болғаны үшін жауласу бұл көзқарастың ең үлкен қасіреті. Адамдар арасындағы қайшылықтарға апаратын бұл түсінікті жұмсарту аса қиынға түспейді. Өрбір дін, діни ағым өздерінің қатарын толықтыру үшін ұстанған бағыттарының «жалғыз ғана ақиқат» екендігін уағыздауы заңдылық. Алайда дінді немесе діни ағымды ұстанушы жеке тұлға айналасындағы адамдармен түсіністікте өмір сүру үшін менің пікірім дұрыс деп айтуға құқылы болғанымен, менікі ғана дұрыс деуі орынсыз. Сондықтан өзгелердің наным сенімдеріне, көзқарастарына деген алғашқы құрмет, төзімділік сезімі орныға бастаған сәттен бастап радикализм, экстремизм белгілерінен айыға бастайды. Тіпті мұны Жаратушының тағдыры ретінде де бағалауына кедергі қалмайды. Менің жолым, ұстанымым, бағытым, дінім ғана дұрыс дегенге өбден сенген адам, (бұл арнайы санаға сіңірілетін идея) өзінің санасындағы ойларда қайшылыққа жолығудан барынша қашқақтайды. Ат көзілдірігі кейпіндегі бұл ұстаным орныққан адамның әртүрлі сыни пікірлерге төзуі, альтернативті кітаптарды оқуы, ақпа-

раттарға құлақ асуы қиындайды. Тіпті тұрақты түрде біз және басқалар деген шаблон негізінде агрессиялық ұстанымда болады. Сондықтан, радикалды топтың идеологиясы егжей-тегжейлі жасалған жүйеге негізделеді. Қатардағы қарапайым адамдар дін іздеп жүріп еріп кеткені болмаса, нағыз идеологтар өздерінің бағытын нақты зерделеп, келген адамдарды радикалдандыру жолдарын жоспарлап әрекет қылады. Сондықтан олармен күресу де, оңалту да жоспарлы түрде теологиялық-психологиялық негізде жүргізілуі керек. Олай болмаған жағдайда атқарылған жұмыстың нәтижесі төмен болмақ. Сондай-ақ, төмендегі ұсыныстарды ескере отырып, оңалту қадамдарын жасау тиімді саналады. 1.Жүрекке жол табу. Радикалды, экстремистік топтарға кірген адамдар өз ішіне түйықталған адамдар санатына жатады. Олар мамандарға қарағанда көшедегі қорлапайым адамдармен тез байланысқа түседі. Сондықтан аталмыш ағымдар өкілдерімен қандай да бір байланыс орнату қиын. Дегенмен, олардың қалыптасқан ортасынан бөліп алмаса бұрын, жиі қарым-қатынас орнатуға тырысу қажет. Керек болған жағдайда достық сипатта қатынаста болудың пайдасы зор. Ал, белгілі бір сыйластық, қарым-қатынас орнаған адамдармен сұхбаттасу да, әртүрлі мәселелерді талқылау да оңайға түседі. 2.Тұрақты байланыс. Олармен байланыс орнатқан адамдардың тұрақты болуы. Мәселен, оңалтуға кіріскен кезде мамандардың жиі ауысуы оңалту жұмысына кедергі келтіреді. Олардың арасында жақын байланыс орнап үлгермейді. Кейбір деректер бойынша 3-4 жылдық байланыстан кейін өздерінің ішкі проблемаларын ақтару деңгейіне жетеді. Ал, ол үшін тұрақты азаматтар-

дың тұрақты байланысты болуы тиімді. Тіпті кейбір түзету мекемелерінде оңалту жұмыстарына тартылған теолог мамандар мен имамдардың ауысып кетуі де жұмысқа кері ықпалын тигізіп жатады. Немесе экстремизм, терроризм бабы бойынша сотты болып, жазасын өтеушілердің өздері «бізге пәлен теологтың келгені дұрыс еді, үйреніп қалып едік!» деген пікірлерін білдіріп жатады. 3.Жамағат пікірі. Кез-келген діни ортаны – жамағат деп атаймыз. Теріс ағым өкілдерінің арасында да тығыз байланыс орнаған. Жүйелі түрде спорттық жаттығуларға бару, діни рәсімдерді бірге атқару, жұма намаздарынан кейін бір-бірінің хал-ахуалын сұрасу т.б. сияқты жамағаттың ішінде жүрген адам осының салдарынан ол жерден шыға алмастай халге түседі. Сондықтан біздің дәстүрлі бағыттағы мамандарымыздың жеңілетін тұсы, оңалтуға жалғыз қатысуы, өзінің діни ортасының болмауы, немесе теріс ағымнан оңалтылған адаммен тұрақты жамағаттық деңгейде байланыс жасау мүмкіндігінің болмауы ол адамның қайтадан жамағат өмірін аңсауына себеп болады. 4.Әлеуметтік-психологиялық сауықтыру. Кез-келген дін адамның тек санасына ғана емес, жүрегіне де орнығады. Оған бірден шабуыл жасау дұшпандықтың өршуіне алып келеді. Біздің көптеген теологтарымыз осы позицияны ұстанып, өшпенділік сезімін өршітуде. Сонымен бірге радикалдылықтан байсалдылыққа ғана ауыстыруға болады деген сыңаржақ пікір қалыптасқан. Бұл қате түсінік. Ең басты міндет теріс діни сенімдермен уланған азаматтарды алдымен психологиялық тұрғыдан, содан кейін

әлеуметтік тұрғыдан оңалтуға күш салу керек. Тіпті байсалды діни ұстанымға өтуі үшін де алдымен психологиялық-әлеуметтік оңалуы шарт. 5.Жақыны арқылы ықпал ету. Елімізде бүкіл әулетімен теріс ағымдарға кіріп кеткен отбасылар жоқтың қасы. Қарға тамырлық қазақтың қазірге дейін сақталып келе жатқан бір құндылығы – әулеттік байланыс. Осы орайда ақсақалдардың рөлі, сол әулеттен шыққан діни білімі бар азаматтардың рөлі, тіпті қасындағы жары мен қолындағы баласына дейін азаматтардың пікірін өзгертуге ықпал ету үшін баспалдақ ретінде пайдалануға болатындығын келбір облыстардың ұтымды тәжірибесінен аңғаруға болады. Сондықтан, «бас жарылса бөрік ішінде, қол сынса жең ішінде» деген қазақ халқының өкілін әулет ішінде оңалту да аса тиімді жолдардың бірі саналады. Радикалды көңіл-күйдегі азаматтар жақын жандарын сыйлаамаса, мүлде танымайтын мамандарды тыңдауы өте қиын. Құрметті жамағат! Сөзімізді Шәкәрім Құдайбердіұлының сөзімен түйіндесек: «Дін тазасын діннен ізде, Дін шатағын сынға сал. Анық айна өзіңізде, Айда ақылды қаттырақ. Шала дінді пән де таппас, Дін тазасын ой табар. Еркін ақыл тіпті адаспас, Кезсе кірсіз жарқырап» - дегендей ақ пен қараны, дұрыс пен бұрысты сыни тұрғыдан саралай алатын саналы ұрпақ қалыптастыру, дәстүрлі дінімізді сан ғасырлық салттарымызбен сабақтастыра отырып ұрпақ санасына сіңіруден басталса болашақта радикализм мен экстремизмнің ауылы алыстамақ. Болмаса бекер!

Бақырхық қажы ҚЫЗЫРҰЛЫ,
«Ойыл аудандық мешітінің» бас имамы.



Құттықтау

ОЙЫЛ СЕЛОСЫНЫҢ ТУМАСЫ
ҚОНАҚБАЙ КӨРИМОЛЛАҰЛЫ СӨТТІБАЕВТІ
63 ЖАС МЕРЕЙТОЙЫМЕН
ШЫН ЖҮРЕКТЕН ДОСТЫҚ СЕЗІММЕН
ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Көп жылғы еңбегің еленіп зейнеткерлікке шығып, еңбек демалысына шыққан күнің құтты болсын. Әр салада адал еңбек еттің. Көбінесе сауда саласында жүрген жерінде ортаңа сыйлы, үлкенге ізет, кішіге қамқор бола білдің. Қазіргі жұмыс жасап жатқан Ойыл селолық округінде орның ерекше, бәріне ақылшы, білікті маман болдың. Жастарға үлгі, қамқоршы аға бола білдің. Өкеден ерте қалып, отбасында шешемізбен бірге бауырларыңның үйі болып жетілуіне, оқуына қамқоршы аке орнындағы аға бола білдің. Шаңырақтың ұйытқысы бола білдің. Қазіргі күнде сүйген жарың Ақмарал екеуің балаларыңды құтты орнына қондырып, немерелерінің сүйікті ата – әже болып отырсыңдар. Сіздерге ұзақ өмір тілейміз. Көп жылғы еңбектеріңнің зейнетін көріп, жұптарың жазылмай 100-ге жетулеріңе тілекшіміз. Бала кезден бірге өскен, барлық қуанышты бірге бөліскен достарыңның ортасында ортаның сені бола білдіңдер. Жұптарымыз жазылмай Ақмарал екеуіңнің қуаныштарыңды, тойларыңды бірге көруге жазсын.

Игі тілекпен бірге өскен достарың: Люба, Ажар, Манар, Үміт, Асқар – Айгүл, Андрей – Мауыт, Серік – Шолпан, Абзал – Назира, Асқар – Тұрсын, Бөкенбай – Айжан, Алтынбек – Гүлжанат, Серікқали – Алма.